

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы
6D010200/8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі,
6D010300/8D01101-Педагогика және психология
кадрларды даярлау бағыты бойынша Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы
жұмысы туралы
есеп**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы Диссертациялық кеңес 6D010200/8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300/8D01101-Педагогика және психология кадрларды даярлау бағыты бойынша жұмыс жасайды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абильдина С.К.

Ғалым хатшы - (PhD) философия докторы Санхаева А.Н.

Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 18.02.2022ж.

№58 бұйрығымен (мерзімі: 31.12.2024 ж. дейін) бекітілген ерекше мәртебесі жоқ ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестердің тізіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 31.03.2011ж. №126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы ереженің 3, 5, 7, 9, 10 тт., (16.09.2024ж. өзгертулер мен толықтыруларға) сәйкес Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Ғылым Кеңесінің шешімі (26.09.2024ж.

№2 хаттама) бойынша Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының от 27.09.2024ж. № 1127 Бұйрығымен диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы бекітілді.

Диссертациялық кеңеске 6D010200/8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300/8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламалары бойынша диссертацияны қорғауға қабылдауға рұқсат етіледі.

1. Өткізілген отырыстар саны - 6

2024 жылғы есептік кезеңде диссертациялық Кеңестің 6 (алты) отырысы өткізілді:

Бірінші отырыс 24.04.2024ж. сағат 10.00-де онлайн форматта өтті – докторант Каримова Гулим Сайлаубековна 8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында қайта тыңдау (өңделген диссертация) (24.04.2024ж. № 1 хаттама).

Екінші отырыс 24.04.2024ж. сағат 12.00-де онлайн форматта өтті – докторант Абылайхан Салтанат Мұратханқызы 8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Рухани жаңғыру жағдайында

мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбында қайта тыңдау (өңделген диссертация) (24.04.2024ж. № 2 хаттама).

Үшінші отырыс А.Д. Калимованың диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау жөнінде (19.11.2024ж. № 3 хаттама).

Төртінші отырыс С.А. Кенесбекованың диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау жөнінде (19.11.2024ж. № 4 хаттама).

Бесінші отырыс 27.12.2024ж. сағат 10.00-де аралас (онлайн/офлайн) форматта өтті – докторант Калимова Асемгуль Джамбуловна 6D010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Формирование готовности будущих учителей к интегрированному обучению в начальной школе» тақырыбында тыңдау (диссертацияны қорғау). (27.12.2024ж. № 5 хаттама);

Алтыншы отырыс 27.12.2024ж. сағат 14.00-де аралас (онлайн/офлайн) форматта өтті – докторант Кенесбекова Салтанат Амангельдикызы 6D010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбында тыңдау (диссертацияны қорғау). (27.12.2024ж. № 6 хаттама);

Диссертацияларды қорғау туралы ақпарат және барлық қажетті құжаттар Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің сайтында қолжетімді <https://buketov.edu.kz/ru/page/ds/2024-6D010200> және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілді.

2. Отырыстардың жартысынан азы қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің аты жөні.

Барлық отырыстарға кворумды қамтамасыз ету үшін диссертациялық кеңес мүшелері толықтай қатысты. Отырыстардың жартысынан азы қатысқан диссертациялық кеңестің мүшелері жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі

Диссертацияны қорғауға ұсынылған докторанттар туралы мәліметтер төменде кестеде келтірілген.

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Абылайхан Салтанат Мұратханқызы	КЕАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»	8D01101 – Педагогика және психология	27.12.2023 Қайта тыңдау (өңделген диссертация) 24.04.2024	Комитеттің шешімі, Бұйрықтың №564 01.07.2024ж.
2	Каримова Гулим Сайлаубековна	КЕАҚ «Академик Е.А. Бөкетов	8D01301 – Бастауышта	27.12.2023 Қайта тыңдау	Комитеттің шешімі,

		атындағы Қарағанды университеті»	оқыту педагогикасы мен әдістемесі	(өңделген диссертация) 24.04.2024	Бұйрықтың №567 01.07.2024ж.
3	Калимова Асемгуль Джамбуловна	КЕАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»	6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	27.12.2024	
4	Кенесбекова Салтанат Амангельдиқызы	КЕАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»	6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	27.12.2024	

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау.

Г.С. Каримованың диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады, мәселенің толық зерттелмеуі, білім беруді цифрландыру жағдайында мемлекеттік саясаттың талаптары мен бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделмегендігімен түсіндіріледі. Шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерді бастауыш сыныптан бастап қалыптастырудың қажеттілігі мен бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктері жайлы ғылыми тұрғыдан бірегей, ортақ анықтама мен жіктеудің болмауы және аталмыш құзыреттіліктерді қалыптастырудың педагогикалық шарттарының айқындалмауы өзекті мәселе болып отыр.

Осылайша, осы диссертациялық зерттеу проблемасының өзектілігі бар қарама-қайшылықтарға байланысты: білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда цифрлық оқыту контентін қолданудың қажеттілігі мен бұл мәселенің әдістемелік пен технологиялық тұрғыдан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мәселесін шешудегі шетелдік, ресейлік және қазақстандық оң тәжірибені анықтау қажеттілігі және осы саладағы зерттеудің практикалық тұсының жеткіліксіз қарастырылуы осы мәселе бойынша жан-жақты жүйелі зерттеулердің қажеттілігін дәлелдейді.

С.М. Абылайханның диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады, мәселенің толық зерттелмеуі, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мәселесі теориялық түсіну және тәжірибелік зерттеу тұрғысынан зерттелмегендігі, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үдерісінде адамгершілік

мәдениет негіздерін қалыптастырудың өңделмеген педагогикалық жүйесі мен технологиясының теориялық және әдістемелік тұрғысынан негізделуінің жеткіліксіздігі.

Осыған байланысты, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, педагогикалық жүйесі мен технологиясын өңдеу, анықтау және сынақтан өткізу қажеттілігі туындайды.

Осы күрделі мәселені шешудің жолдарын іздеу білім берудің мақсаттарын, мазмұны мен нәтижелерін қайта қарастырумен, оқыту мен тәрбие әдістерін, формалары мен құралдарын жаңартуды талап етеді.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі және оларды шешудің дәлелді жолдарын іздеу зерттеу мәселесін анықтады.

А.Д. Калимованың зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, инновациялық нарықтық экономиканы қалыптастыру жағдайларында, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің, ғылымды, инновациялар мен технологияларды дамытудың негізгі буыны ретінде адами капиталға мұқтаж екендігімен айқындалады. Мұндай қажеттілік, инновациялық білім беру парадигмасы, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, жоғары кәсіптік білім беру сапасын арттыру мәселесіне, сонымен қатар әлемдік еңбек нарығында білікті, бәсекеге қабілетті түлектерді даярлауға икемді ден қоятын стратегиялық міндеттерінің бар болуымен түсіндіріледі. Сәйкесінше, шығармашылық ізденіске, білім беру әлеуетін жүзеге асыруға және инновациялық өзгерістерге дайын, жаңа формациядағы педагогтерге деген қажеттілік артып келеді.

Білім беру жүйесін дамытуға байланысты, бастауыш мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін дамыту перспективасында нәтижелі болып табылатын, бастауыш мектептің педагогикалық үрдісінде кіріктірілген оқытуды жүзеге асыруға педагог кадрларды даярлау өзекті болып табылады.

Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнын мектеп тәжірибесіне жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларын ендіру мұғалімдерден жаңа жағдайларды еркін бағдарлауға, кіріктірілген оқыту мүмкіндіктерін толыққанды пайдалануға, педагогикалық инновацияларға бейімделуге және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының заманауи перспективалы үдерістеріне жылдам әрекет етуге мүмкіндік беретін тиісті іс-шараларды жүзеге асыруды талап етіп отыр. Ғылымның әртүрлі салаларындағы ғылыми білімді интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларында қоршаған әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру идеясы, біздің ойымызша, бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларының барлық жаңартылған мазмұнын біріктірді, оны біздің көзқарасымыз бойынша, олардың оқуға ынтасын арттыру үшін, бастауыш сынып оқушыларының кіріктірілген білімін, пәнаралық, пәнішілік және интеграцияның басқа түрлерін пайдалану ерекшеліктерін және де интеграциясының басқа да түрлерін қолдана отырып, олардың негізінде шығармашылығы мен сыни ойлауын

дамыта отырып, мүмкін ең жақсы жолмен жүзеге асыра алуға мүмкін болар еді.

С.А. Кенесбекованың диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады. Педагогикалық тәжірибеде болашақ маман игеруі тиіс ғылымипедагогикалық ақпараттың көптігі және таралу жылдамдығының жоғары екені байқалады. Ал, болашақ маман өз кезегінде ғылыми ақпараттар легін сараптап, болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажет білім қоры мен ғылыми ақпаратты жүйелей алуы тиіс. Өздік білім алу – болашақ маманның кәсіби білім игеруіне, танымдық әрекетін дамытып, алғашқы педагогикалық тәжірибе жинақтауға жағдай жасайтын жол болып отыр.

Отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, болашақ мұғалімдерді өздік білім алуға даярлау мәселесі педагогика ғылымы мен практикасында зерттелген деп айтуға болады. Алайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауға қатысты теориялық әдебиеттер мен бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың нақты тәжірибесін талдау барысында: – қоғам сұранысына сай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың қажеттілігі және жоғарғы оқу орнының білім беру процесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделінің теориялық және әдістемелік түрде негізделуінің жеткіліксіздігі; – жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімі біліктілігін иеленген түлекке қоғамның кәсіби тұрғыда жоғары талап қоюы және жоғары оқу орнында болашақ мамандарды өздік білім алуға даярлау жүйелі түрде жүргізілмейтіні; – бастауыш сынып мұғалімін даярлауда өздік білім алуға көңіл бөлінетіні және ЖОО бастауыш сынып мұғалімін даярлауда тиімді педагогикалық шарттардың негізделмегені арасында қарама-қайшылықтардың бар екендігі анықталды. Осы қайшылықтардың шешімін іздестіру және ғылыми негіздеу зерттеу мәселесін анықтады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Г.С. Каримованың диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысының, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №727 қаулысының, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 14 шілдедегі №141- VII Заңының

шенберінде орындалған.

С.М. Абылайханның диссертациялық зерттеуі мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі және технологиясын өңдеу мен негіздеуді көздейді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. Мемлекет басшысы Қ.-Ж.Тоқаевтың халыққа Жолдауы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мәселелері туралы нормативті құжаттарының (модель, стандарт, үлгілік бағдарламалар) аясында орындалған.

А.Д. Калимованың диссертациялық зерттеуі «Педагог» кәсіптік стандарты, ҚР Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы және басқа да білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарда орындалған.

Сонымен қатар, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Бастауыш білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тұтастай алғанда білім беру үдерісі және оның ішінде кіріктірілген оқытуды жүзеге асыру үшін заңнамалық база болып табылады.

С.А. Кенесбекованың диссертациялық зерттеуі

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру; жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту білім беру жүйесінің негізгі міндеттері» орындалған. Осы тұрғыдан келгенде жоғары оқу орынындағы білім берудің негізгі мақсаты – заманауи қоғамға лайықты саналы тұлға, өз мамандығын жақсы көретін, оның кез келген сұрағына жауап бере алатын маман даярлау.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Г.С. Каримованың диссертациялық зерттеуінде алынған нәтижелер білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған авторлық оқу-әдістемелік кешені МЕОО «Erfolg» мектебінің оқу- тәрбие үдерісіне және Максим Танк атындағы БМПУ-дің біліктілікті арттыру

және қайта даярлау институтының (Белоруссия, Минск қаласы) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізілгені туралы 3 акт құрастырылды.

С.М. Абылайханның диссертациялық зерттеуінде алынған нәтижелер, олардың практикалық маңыздылығы мынада: мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру үдерісінде, әзірленген теориялық ережелер, тұжырымдар, ғылыми-әдістемелік ұсынымдар, ақпараттық-технологиялық кешен мектепке дейінгі ұйымның педагогтерімен, ата-аналармен жұмыс барысында пайдаланылуы мүмкін.

А.Д. Калимованың диссертациялық зерттеуінде алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің бастауыш мектепте кіріктірілген оқытуға дайындығын қалыптастыру үрдісінде оқу-әдістемелік материалдарды қолданудың тиімділігі әзірленіп және эксперименталды түрде тексерілді, ол төмендегілерді қамтиды: «Білім берудегі ғылыми білімді кіріктірудің теориялық негіздері» семинары; «Бастауыш мектепте кіріктірілген оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері» элективті курсы; «Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда ғылыми білімді кіріктіру негіздері» оқу құралы (28.04.2021 жылы ППУ Ғылыми кеңесімен басып шығаруға ұсынылды, № 8 хаттама); «Оқытудағы кіріктірудің ғылыми-теориялық негіздері» автоматтандырылған оқыту бағдарламасы (Авторлық құқықпен қорғалатын нысандарға, құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы 28.10.2022 жылғы №29789 куәлік); «Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда кіріктірілген тәсілді іске асыру» электронды оқулығы (Авторлық құқықпен қорғалатын нысандарға құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 06.06.2023 жылғы № 36764 куәлік); «Бастауыш сынып оқушыларының кіріктірілген білімін қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағы» автоматтандырылған оқыту бағдарламасы (Авторлық құқықпен қорғалатын нысандарға құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 03.07.2020 жылғы № 11253 куәлік) және «Бастауыш сынып оқушыларына арналған кіріктірілген тапсырмаларды орындау бойынша семинар» автоматтандырылған оқыту бағдарламасы (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 26.05.2021 жылғы № 17985 куәлік); «Бастауыш мектепте кіріктірілген оқыту» жаппай ашық онлайн курсы.

С.А. Кенесбекованың зерттеудің практикалық маңыздылығы: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және «Болашақ» академиясының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларына «Өздік білім алу негіздері» элективтік курс бағдарламасы дайындалды және енгізілді; «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Өздік білім алу негіздері» тақырыбында электронды оқу-әдістемелік құрал дайындалды және енгізілді (Қазақстан Республикасы, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміне мәліметтерді енгізу

туралы куәлігі. №15308 -18 ақпан, 2021 ж); «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Өздік білім алу 7 негіздері» тақырыбында оқу-әдістемелік құрал дайындалды және енгізілді (Қарағанды: «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2021. – 148 б.).

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық кеңестің шешімімен (13.11.2023ж. №9 хаттама) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер бекітілді.

- **Абылайхан С.М.** «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері», 8D01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасы.

- Рамазанова Динара Жубанышевна – 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша PhD докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Ақтөбе қ., Қазақстан.

- Керимбаева Рысты Калдыхановна – п.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің, «Әлеуметтік психология» кафедрасының профессоры. Тараз қ., Қазақстан.

Диссертациялық кеңестің шешімімен (13.11.2023ж. №10 хаттама) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер бекітілді.

- **Каримова Г.С.** «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары», 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы.

Ресми рецензенттер:

- Бузаубакова Клара Джайдарбековна – п.ғ.д., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Педагогика кафедрасының меңгерушісі, Тараз қ., Қазақстан.

- Беркимбаев Камалбек Мейрбекович – п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Кентау институтының «Компьютерлік инженерия» кафедрасының профессоры, Түркістан қ., Қазақстан.

Диссертациялық кеңестің шешімімен (19.11.2024ж. №3 хаттама) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер бекітілді.

- **Калимова А.Д.** «Формирование готовности будущих учителей к интегрированному обучению в начальной школе», 6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы.

Ресми рецензенттер:

- Фейзулдаева Салтанат Арасатовна - 6D010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (Phd),

педагогика, психология және гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

- Лебедева Лариса Анатольевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, бастауыш білім беру кафедрасының доценті, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан.

Диссертациялық кеңестің шешімімен (19.11.2024ж. №4 хаттама) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер бекітілді.

- **Кенесбекова С.А.** «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау», 6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы.

Ресми рецензенттер:

- Косшыгулова Алия Сериковна – философия докторы (PhD), «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

- Ешенкулова Динара Бауыржановна – философия докторы (PhD), педагогика және психология білім беру бағдарламалары секторының менеджері, қауымдастырылған профессор, Мирас университеті, Шымкент қ., Қазақстан.

Рецензенттер докторанттардың зерттеу саласына сәйкес ғылыми дәрежесі, сондай-ақ халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдарды бар мамандар тағайындалды. Олар диссертациялық зерттеулерге уақтылы пікірлер берді, олардың мазмұны зерттеу тақырыптарының өзектілігін, олардың жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысын; диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелерді көрсетті; диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, докторанттардың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі, жаңашылдығы мен дұрыстығы дәрежесі; алынған нәтижелердің ішкі бірлігіне баға берілді; докторанттар алған нәтижелердің тиісті өзекті проблеманы, теориялық немесе қолданбалы мәселені шешуге бағыттылығы айқындалды. Сонымен қатар, ресми рецензенттер диссертациялардың мазмұны мен ресімделуіндегі кемшіліктерді анықтады. Сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- студенттерді докторантураға қабылдау критерийлерін біріздендіру қажет, бұл қабылданған үміткерлердің сапасына, олардың зерттеу дағдыларының болуына кепілдік беруі керек;

- мемлекет үшін практикалық маңызы бар және мемлекеттік және өңірлік ғылыми мен ғылыми-техникалық бағдарламаларға немесе халықаралық зерттеулер бағдарламаларына кіретін тақырыптарды зерттеу;

- бірлескен халықаралық зерттеулер жүргізуге кедергілерді жоя отырып, докторанттардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету қажет;

- зерттеудің енгізу компоненті бөлігінде диссертацияларға қойылатын талаптарды күшейту қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1. қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2
2. қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	0
3. рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	0
4. қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	0
5. пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2
6. қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	0

Ескерту.

- Каримова Гулим Сайлаубековнаның диссертациясының соңғы нұсқасын қайта тыңдау бойынша (24.04.2024ж. № 1 хаттама):

Диссертацияның соңғы нұсқасын және ескертулерге жауаптарды тыңдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша 8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш беру туралы шешім қабылданды.

- Абылайхан Салтанат Мұратханқызының диссертациясының соңғы нұсқасын қайта тыңдау бойынша (24.04.2024ж. № 2 хаттама):

Диссертацияның соңғы нұсқасын және ескертулерге жауаптарды тыңдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша 8D01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш беру туралы шешім қабылданды.

Диссертациялық кеңес төрағасы

Абильдина С.К.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Санхаева А.Н.



«13» қаңтар 2025 жыл